

«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Әсел Бисенбаеваның «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасының Ғылым мен білімді дамытуға арналған стратегиялық құжаттарымен өзектес. Зерттеу жұмысы «Қазақстан Республикасының Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы) белгіленген ғылымды интернационалдандыру, пәнаралық зерттеулерді күшейту және жас ғалымдардың әлеуетін арттыру міндеттерімен үйлеседі. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасында (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №250 қаулысы) айқындалған ұлттық мәдениетті жаһандық кеңістікте таныту, гуманитарлық білім саласында жаңа ғылыми көзқарастар қалыптастыру сияқты мақсаттарымен сәйкес келеді.

		Жалпы алғанда, зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы басым салаларына еніп, отандық әдебиеттану ғылымының халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізеді.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация авторы зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және тәжірибелік материалдарды өздігінше талдап, ғылыми негізде пайымдаулар жасаған. Зерттеу барысында алынған дереккөздер орынды қолданылып, тұжырымдар қисынды әрі дәйекті түрде ұсынылған. Жұмыста автордың дербес ойлау дағдысы айқын байқалады, ғылыми стиль мен тіл мәдениеті талаптары толық сақталған. Еңбекте плагиат немесе өзге зерттеулерді дәлелсіз пайдалану фактілері кездеспейді, бұл зерттеудің автордың жеке ғылыми ізденісінің нәтижесі екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастау алған және ХХІ ғасырдың басына дейінгі аралықтағы қытай прозасының даму барысы мен көркемдік ізденістерін айқындауға арналған.

		Бұл кезең қытай қоғамындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің көркем әдебиетке ықпал етуімен, жазушылардың жаңа буының қалыптасуымен және прозадағы стильдік-эстетикалық ізденістердің жандануымен тығыз байланысты. Қазіргі әлемдік әдеби кеңістіктегі үдерістермен сабақтаса отырып, қытай прозасының өзіндік ерекшеліктерін анықтау – заманауи әдебиеттанудың маңызды міндеттерінің бірі. Автор зерттеу нысанын жүйелі түрде қарастырып, қазіргі ғылыми парадигмалар мен теориялық тұжырымдарды, сондай-ақ практикалық сұраныстарды ескере отырып, жұмыстың өзектілігін нақты әрі дәйекті түрде дәлелдей алған. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты дәлелденген деп тұжырым жасауға толық негіз бар.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Жұмыстың мазмұндық бөліктері мен құрылымы зерттеу тақырыбының өзекті мәселелерін ашуға бағытталған. Автор XX ғасырдың соңғы онжылдықтарынан бастап XXI ғасырдың басындағы қытай прозасының көркемдік сипатын, жанрлық ерекшеліктері мен әдеби даму үрдістерін жүйелі түрде талдап көрсеткен. Зерттеу барысында алынған теориялық тұжырымдар мен практикалық нәтижелер қойылған міндеттермен үйлесім

		тауып, тақырыптың ғылыми мәнін толық айқындауға мүмкіндік берген. Сондықтан диссертация мазмұны оның ғылыми атауымен толық сәйкес келеді деп тұжырымдауға әбден болады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының мақсаты XX ғасырдың 80-жылдарынан XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму бағыттарын айқындауға бағытталған.
	1) сәйкес келеді;	Міндеттері осы мақсатқа жетудің кезеңдік жолдарын нақтылап, диссертацияның жалпы құрылымымен үйлесімді логикалық бірлік құрайды. Әдеби шығармалардың көркемдік сипатын, жанрлық ізденістері мен идеялық бағыттарын талдауға қойылған міндеттер толық сәйкес келеді. Осыған орай, диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толық сай келеді деп бағаланады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдері өзара мазмұндық бірлік пен логикалық сабақтастықта құрылған. Зерттеу мақсаты мен міндеттерінен бастау алып, теориялық негіздеме, талдау және алынған нәтижелер жүйелі түрде өрбіген. Әрбір бөлім алдыңғы бөлімнің қисынды жалғасы ретінде дамып, ғылыми дәлелдер мен тұжырымдар бірізділікпен берілген.
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	

		Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен мазмұндық ережелері өзара толық логикалық байланыста болып, тақырыптың ғылыми негізін жан-жақты ашуға мүмкіндік берген деп сеніммен айтуға болады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста автор қытай прозасының XX ғасырдың 80-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы даму ерекшеліктерін айқындауда ғылыми жаңашылдық элементтерін ұсынып, жаңа қағидағтар мен әдістерді негіздеген. Бұл тұжырымдар нақты көркем мәтіндерді талдау барысында дәлелденген және онда белгілі ғалымдардың пікірлері ескерілген. Зерттеу барысында ұсынылған жаңа шешімдер мен дәстүрлі көзқарастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетіліп, олардың ғылыми құндылығы бағаланған.
	1) сыни талдау бар;	Сондай-ақ докторант бұрынғы еңбектерге сыни тұрғыда қарап, салыстыру, талдау және бағалау арқылы ғылыми дискурстың жаңа деңгейін айқындаған. Осыған байланысты жұмыста теориялық қисындар мен практикалық талдаудың үйлесімі сақталған, сыни тұрғыда ой елегінен өткізілген пайымдаулар бар екендігі сенімді түрде дәлелденген деп айтуға болады.
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
	4) талдау жоқ.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қазақстандық қытайтануда XX ғасырдың 80–90-жылдарындағы қытай әдебиетіне кен көлемде жүйелі зерттеулер жүргізілмеген. Ал осы диссертацияда сол кезеңдегі қытай прозасы жан-жақты талданып, бұрынғы олқылықтардың орнын толықтыруға бағытталған. Сонымен қатар қазіргі замандағы қытай прозасы мен жаңа буын өкілдерінің шығармашылығы Қазақстанда ғылыми тұрғыда мүлде зерттелмеген. Жұмыста осы жазушылардың шығармашылық ерекшеліктері талданып, әдеби процестегі орныммен бірге неореализм, Интернет-әдебиет сияқты тың бағыттар қарастырылған. Бұлар зерттеудің жаңашыл қырын айқындайды. Осыған байланысты диссертация нәтижелері қалыптасқан теориялық қағидағарға сүйене отырып жасалғанымен, 90-жылдардағы әдеби процесті жан-жақты талдау және жаңа заман прозасын ғылыми айналымға енгізу арқылы ішінара жаңа деп бағаланады. Әсел Бисенбаеваның диссертациялық жұмысында жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан жаңашылдығымен ерекшеленеді. XX ғасырдың 80–90 жылдарынан бастап XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының даму барысы алғаш рет қазақ тілінде кешенді түрде талданып, Қазақстанда ғылыми
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		айналымға енгізілмеген Ян Лянкэ, Хан Дун, Су Тун сияқты жаңа буын өкілдерінің шығармалары қарастырылады. Бұған дейін отандық қытайтанула 90-жылдар әдебиеті шолу деңгейінде қаралып, жекелеген еңбектермен шектелсе, бұл диссертацияда сол кезеңнің әдеби үдерісі толық қамтылады. Сонымен қатар қазіргі қытай прозасындағы неореализм, Интернет-әдебиет секілді тың бағыттар алғаш рет жүйелі түрде сараланып, олардың жанрлық-стильдік табиғаты мен көркемдік даму тенденциялары ғылыми негізде айқындалады. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар ғылыми зерттеулердегі теориялық қағидағтар негізінде жасалғанымен, жаңа бағыттарды енгізу арқылы ғылыми жаңалық деңгейіне көтерілген. Сондықтан диссертациялық жұмыстың қорытындылары мазмұны мен ғылыми маңызы тұрғысынан жаңа әрі Қазақстанның қытайтану ғылымында жасалған тың қадам деп бағаланады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық сипаты немесе басқару шешімдері жаңаша және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ізденушінің диссертациялық зерттеуі әдебиеттану саласына қатысты болғанымен, оның нәтижелері мәдени саясат, гуманитарлық білім беру және рухани құндылықтарды насихаттау тұрғысынан толығымен жаңа әрі негізделген ұсыныстар

	сипатында жазылған. Зерттеуде XX ғасырдың 80–90-жылдарынан XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының даму кезеңдері жүйеленіп, постмодернизм, неореализм, Интернет-әдебиет сияқты жаңа бағыттардың мазмұндық және стильдік ерекшеліктері айқындалады. Бұл тұжырымдарды қазіргі уақытта: • гуманитарлық білім беру мазмұнын жаңартуда; • мәдениет пен әдебиет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жоспарлауда; • жаңа әдеби ағымдар мен жазушыларды ғылыми айналымға енгізу арқылы халықаралық мәдени байланыстарды нығайтуда; • ұлттық әдебиеттанудағы әдіснамалық жаңғыртуды жүзеге асыруда тиімді қолдануға болады. Сонымен қатар зерттеу жұмысы әдеби процестің ішкі заңдылықтарын айқындап, қазіргі заманғы мәдени даму стратегияларын құруда қолдануға болатын интеллектуалды басқарушылық тәсілдер ұсынады. Осыған байланысты диссертацияда жасалған шешімдер толығымен жаңа әрі қолданбалы құндылығы жоғары деп бағаланады.

6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) әрі өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Әсел Пазылбекқызының диссертациялық зерттеуінде ұсынылған қорытындылар кешенді ғылыми дәлелдерге сүйеніп жасалған. Зерттеу барысында қытай прозасының соңғы қырық жылдағы даму кезеңдері әртүрлі теориялық тұғырлармен сабақтастырылып, әдеби процестің ішкі заңдылықтары жүйелі түрде талданады. Әдеби бағыттардың (постмодернизм, неореализм, Интернет-әдебиет) жандануы нақты шығармалар арқылы дәлелденіп, жаңа прозалық үлгілердің мазмұндық және стильдік ерекшеліктері айқындалады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері бұған дейінгі қазақстандық қытайтануда үстірт қарастырылған мәселелерді кеңірек қамтып, жаңа авторлардың шығармаларын енгізу арқылы әдеби процестің заманауи қырларын ашып көрсетеді. Қорытындылардың теориялық және практикалық маңызы зор, онда қолданған дәлелдер біртұтас логикалық жүйеде ұсынылған. Осыған орай, диссертациядағы барлық негізгі тұжырымдар мәтіндік талдау мен нақты дәйектемелерге сүйене отырып жасалғандықтан, ғылыми тұрғыдан толық негізделген деп бағаланады.
7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	

		7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертант ұсынған қағидағтарға тоқталсақ: 7.1 Ғылыми жұмыста қағидағтар дәлелденген. 7.2 Ғылыми жұмыста қағидағтар тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жұмыста қағидағтар жаңа. 7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидағтардың қолдану деңгейі кең ауқымды. 7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидағтар он мақалада дәлелденген. Соның ішінде, бір мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, төрт мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда, бес мақала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланған.
--	--	--	--

8.	Дәйектілік қағидағы	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әсел Бисенбаеваның диссертациялық жұмысында қолданылған дереккөздер мен ұсынылған ақпараттар ғылыми тұрғыдан дәйекті әрі сенімді. Зерттеудің негізгі материалы ретінде XX ғасырдың 80-жылдарынан XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының көрнекті өкілдері – Үй Хуа, Гэ Фэй, Сунь Ганлу, Су Тун, Чи Ли, Лю Чжэньюнь, Ян Лянкэ, Чунь Шу, Хань Дун, Хань Хан, Чжу Вэн және тағы басқа қаламгерлердің шығармалары алынған. Бұған қоса, мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар, Интернет ресурстарындағы әдеби туындылар, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектері, оқулықтар мен анықтамалық басылымдар зерттеу арқауы ретінде пайдаланылған. Мұндай кең ауқымды дереккөздер жұмыстың мазмұнын тереңдетіп қана қоймай, ғылыми нәтижелердің сенімділігін де қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) иә; 2) жоқ.	Зерттеу барысында тандалған әдіснамалық негіздер – тарихи-диалектикалық талдау, салыстырмалы зерттеу, объективті-аналитикалық талдау, философия, психология және әдебиеттану ғылымдарының тұжырымдары – зерттеу тақырыбының табиғатына толық сәйкес келеді. Бұл әдістер авторға қазіргі қытай прозасындағы бағыттар

		мен ағымдарды жүйелі түрде сипаттауға, олардың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай, диссертацияда пайдаланылған дереккөздердің ғылыми сенімділігі мен әдіснаманың негізделген таңдауы зерттеу нәтижелерінің дәлелділігін арттырып, жұмыстың толық негізді және дәйекті екенін айқындайды.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған деректер мен материалдар заманауи компьютерлік технологиялар арқылы жүйеленіп, талдау нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерімен интерпретацияланған. Электронды ресурстарды пайдалану, ғылыми мақалаларды деректер қоры негізінде салыстыру, Интернетте жарияланған шығармаларды сұрыптау секілді тәсілдер зерттеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз еткен. Бұл ғылыми ізденістердің сапасын арттырып, диссертация мазмұнының қазіргі талаптарға сай болуына әсер-ықпалын тигізген.
	1) иә; 2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә. Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық пайымдар мен тұжырымдар қазіргі қытай прозасының көркемдік-эстетикалық және тақырыптық-идеялық сипаттарына негізделіп, нақты деректермен дәлелденген. XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап XXI

9	Практикалық құндылық қағидаты	1) иә; 2) жоқ.	ғасырдың басына дейінгі қытай прозашыларының (Үй Хуа, Гэ Фэй, Ян Лянкэ, Чунь Шу, Лю Чжэньюнь, Су Тун және т.б.) шығармалары кешенді түрде талданып, әдеби бағыттар мен ағымдардың даму заңдылықтары айқындалады. Жасалған теориялық қорытындылар әдеби процестің ішкі заңдылықтарын ашып қана қоймай, оларды салыстырмалы талдау мен жүйелі интерпретация арқылы нақты мысалдармен бекітеді. Әдебиеттанудағы қазіргі әдіснамалармен ұштастырылған бұл нәтижелер ғылыми тұрғыдан дәлелді және сенімді деп бағаланады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімінің әдеби шолуға жеткілікті екені анық. Докторант еліміздегі және Қытай, Ресей, АҚШ, Өзбекстан мемлекеттеріндегі кітапхана қоры мен ғылыми орталықтарының материалдарын пайдаланған. Нәтижесінде пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 204 дереккөз көрсетілген.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Бұл диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы, ең алдымен, XX ғасырдың соңғы онжылдықтары мен XXI ғасыр басындағы қытай прозасын жаңа ғылыми тұғырда

		зерделуінде. Жаңа әдеби ағымдар – неореализм, Интернет-әдебиет, постмодернистік және авангардтық бағыттар қытай әдеби процесінің біртұтас эволюциялық контекстінде қарастырылып, олардың өзара сабақтастығы анықталады. Докторант қытай прозасының көркемдік-эстетикалық даму жолдарын философия, мәдениеттану және әдебиеттану тоғысындағы теориялық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әдеби процестің көпқырлылығын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Жұмыстағы негізгі қағидағтар қытай әдебиетінің заманауи кезеңін жаңа әдіснамалық ракурста талдауға мүмкіндік береді. Сондықтан зерттеудің теориялық маңызы қытай прозасын түсіндірудің жаңа үлгісін ұсынуында, сонымен бірге әдебиеттанудағы дәстүрлі түсініктерді кеңейтуінде жатыр. Алынған тұжырымдар тек қана қытай әдебиетін емес, жалпы әлемдік әдебиеттегі постмодернистік және неореалистік құбылыстарды сараптауда қолдануға болатын әмбебап теориялық тұжырым ретінде бағаланады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелері әдебиеттану, қытайтану және шығыстану салаларында практикалық тұрғыдан құнды. Жұмыста алынған теориялық тұжырымдар мен ғылыми
	1) иә;	

		2) жоқ.	қағидағарды жоғары оқу орындарында «Қазіргі қытай әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Салыстырмалы әдебиеттану» пәндерін оқыту барысында оқу-әдістемелік материал ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар қытай жазушыларының шығармаларына жасалған талдаулар аударма ісін жетілдіруге, әдебиет тарихына қатысты оқу құралдары мен оқу бағдарламаларын толықтыруға мүмкіндік береді. Диссертацияда қарастырылған неореализм, Интернет-әдебиет, постмодернизм және авангардтық бағыттар туралы жаңа ғылыми мәліметтер мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға, қытай қоғамы мен әдеби үдерісін терең түсінуге септігін тигізеді. Алынған нәтижелер әдеби сын, салыстырмалы әдебиеттану, мәдениетаралық зерттеулер саласында практикалық тұрғыда қолдануға қолайлы.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Әсел Бисенбаеваның диссертациялық еңбегі академиялық жазу талаптарына толық сәйкес
		1) жоғары;	

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	келеді. Жұмыс құрылымы бірізді, ғылыми тіл мен стиль сақталған, негізгі ұғымдар мен тұжырымдар нақты және дәйекті түрде баяндалған. Зерттеуде қолданылған терминдер мен категориялар біркелкі пайдаланылып, мәтіннің логикалық жүйелілігі мен мазмұндық тұтастығы қамтамасыз етілген. Сонымен қатар дереккөздерге жасалған сілтемелер талапқа сай рәсімделіп, маңызды мәлімдемелер сенімді әдебиеттермен бекітілген. Докторанттың ойды жеткізу мәдениеті, дәйектеме беру машығы және ғылыми стильді меңгеруі жұмыстың академиялық деңгейін арттырады. Осыған байланысты диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деп бағаланады.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертацияның алғашқы теориялық бөлімінде негізінен орыс және ағылшын тіліндегі ғылыми еңбектерге сүйенген. Осы тұста қазақ әдебиетшілерінің еңбектеріне де жүгінсе, зерттеудің ұлттық ғылыми дәстүрмен байланысы нығайып, жұмыстың теориялық негізі кеңейе түсер еді. 2. Докторант қазіргі қытай әдебиетінің маңызды құбылыстарының бірі – ғаламтор әдебиетіне тоқталғанымен, бұл феноменге жеке тарауша арнау орынды болар еді. Себебі Интернет-әдебиет – қазіргі қытай прозасының

			ең өзекті әрі ерекше дамып келе жатқан саласы. Осы тақырыпты кеңірек қамту зерттеудің ғылыми маңызын арттырып, жұмыстың жаңашылдығын айқындай түсер еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» атты диссертациялық жұмысы аясында жарық көрген ғылыми мақалалар мазмұны мен ғылыми жаңалығы жағынан зерттеу тақырыбымен тікелей үндесіп, оның теориялық негіздерін жан-жақты ашуға септеседі. Диссертация нәтижелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетінің Қытайтану кафедрасында 2024 жылы талқыланып, ғылыми орта тарапынан оң бағасын алған. Жалпы алғанда, автордың осы тақырыпта 10 ғылыми мақаласы жарияланған, олардың ішінде Integration of Education (Ресей, 2024) сияқты беделді халықаралық журналда жарық көрген зерттеу бар. Сондай-ақ ҚР ҒЖБМ БҒСБК бекіткен басылымдарда қытайдың әйелдер прозасын, ғаламтор әдебиетінің аспектілерін қамтыған бірқатар мақалалар жарық көріп, зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берген. Осыған орай, әр мақала зерттеу жұмысының өзекті ғылыми мәселелерін терең қамтып,

			жоғары ғылыми деңгейде дайындалған деп бағалауға толық негіз бар.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		6D020900 – Шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының «Қазіргі заман қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80-жылдары – XXI ғ. басы)» атты диссертациялық жұмысы мазмұны жағынан да, ғылыми деңгейі тұрғысынан да аталмыш мамандықтың талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында қытай прозасының соңғы кезеңдеріндегі бағыттары мен ағымдары жан-жақты қарастырылып, постмодернизм, авангард, неореализм, ғаламтор әдебиеті секілді құбылыстардың өзіндік табиғаты теориялық тұрғыдан негізделіп, нақты көркем шығармалар арқылы дәлелденген. Докторанттың таңдаған тақырыбы Қазақстандағы қытайтану ғылымында бұрын-соңды кең көлемде арнайы зерттелмеген, сондықтан жұмыстың ғылыми жаңалығы айқын. Диссертация құрылымы жүйелі, әр тарау өзара мазмұндық және логикалық байланыста өрбіп, зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснамалық негіздері –

		салыстырмалы талдау, мәтіндік талдау, дискурстық талдау – дұрыс таңдалған және ғылыми талаптарға сай қолданылған. Зерттеу нәтижелері қытай прозасының даму тенденцияларын айқындаумен кағар, қазіргі әдеби процестің ерекшеліктерін түсінуге елеулі үлес қосады. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы да жоғары: еңбектің тұжырымдарын қытай әдебиетін оқытуда, мәдениетаралық салыстырмалы зерттеулерде, аударма ісінде, сондай-ақ қазіргі әлемдік әдеби үдерісті сараптауда қолдануға болады. Жалпы, диссертациялық жұмыс мазмұнының ғылыми құндылығы, жанашылығы мен құрылымдық тұтастығы, практикалық қолдану аясының кеңдігі Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының зерттеу еңбегін 6D020900 – Шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп бағалауға толық негіз береді.
--	--	--

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

Абай атындағы ҚазҰПУ
Академик С. Қирабаев атындағы
қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі
кафедрасының PhD докторы

